



RAV4



# ЖОЛ ТАЛҒАМАЙТЫН КӨЛІК

ТЕҢДЕСІ ЖОҚ, ТОЛЫҚ




Люкс жинақтамасы көрсетілген.

# ДИЗАЙН ДА БОЛАДЫ, СТИЛЬ ДЕ БОЛАДЫ

**НАҒЫЗ ЖОЛ ТАЛҒАМАЙТЫН КӨЛІКТИҢ МІНЕЗІ  
БАР КЕРЕМЕТ ДИЗАЙН.**

RAV4 — бұл көпшіліктен даралануды қалайтындарға арналған жүру сапасы тамаша жол талғамайтын көлік. Толыққанды жол талғамайтын көліктің қуатты көрінісі жарқын, динамикалық дизайнымен үйлестіре отырып, қала жағдайына арналғандай. RAV4-тің айқын және көз тартарлық келбеті бір-бірімен үйлесетін, ешнәрсеге ұқсамайтын талғампаз жарықдиодты фаралармен, айбатты сұлбасымен және ерекше жарықдиодты артқы шамдармен еліктіреді. RAV4 қалада өзін үйдегідей сезініп, жол талғамайтын көлікке ұқсайды және сол сияқты жүреді.



Люкс жинақтамасы көрсетілген.

# БАСҚАРЫЛУ ҚАБІЛЕТІ ДЕ БОЛАДЫ, СЕНІМДІЛІК ТЕ БОЛАДЫ

**RAV4 БАСҚАЛАР СИЯҚТЫ ЖҮРМЕЙДІ, ӨЙТКЕНІ ОЛ  
БАСҚАША ЖАСАЛҒАН.**

RAV4 — кең салонның, бірқалыпты жүрісінің, қуаттылықтың және жол талғамайтын қабілетінің теңдесі жоқ үйлесімінің үлгісі. TNGA\* инновациялық платформасының арқасында Toyota инженерлері шассидің қаттылығын арттыру және жүргізушінің көру мүмкіндігін жақсарту арқылы автокөліктің салмағы мен ауырлық орталығын төмендете алды. Нәтижесінде, RAV4 оңай басқарылатын және анағұрлым жақсы жүретін болды. Платформа дизайнерлер үшін жолаушылар мен жүксалғыш бөлімін кеңейтіп, стильді автокөлік жасауға көбірек еркіндік берді.

Демек, сіз қауіпсіздікке сенімді бола отырып, стиль сезімін өзгертпестен кез келген сапарға шыға аласыз — сізге оны жүргізу міндетті түрде ұнайды.

\* Toyota-ның жаңа жаһандық сәулеті (TNGA).



Люкс жинақтамасы көрсетілген.

**БЕНЗИН ҚОЗҒАЛТҚЫШЫ  
2.0 CVT AWD**

Қуаты 173 а.к.  
Отын шығыны\* 6,7 л/100 км  
CO<sub>2</sub> шығарындысы\* 153 г/км  
Барлық жинақтамаларда ұсынылады

**ӘЛЕУЕТ ТЕ БОЛАДЫ,  
ҚУАТ ТА БОЛАДЫ**

**ҚУАТТЫҢ, ҮНЕМДІЛІКТІҢ ЖӘНЕ  
ШЫҒАРЫНДЫЛАРДЫҢ ТӨМЕН ДЕҢГЕЙІНІҢ ТЕҢДЕСІ  
ЖОҚ ҮЙЛЕСІМІ.**

Отынды тікелей бүркітін қуатты 2,0 литрлік бензин қозғалтқышымен жабдықталған RAV4 жол талғамайтын көліктер нарығындағы көшбасшылығын растайды. Оны жолдарда да, ойлы-қырлы жерлерде де әсерлі қабілетін көрсететін толық жетек жүйесімен (AWD) толықтыруға болады. RAV4-тің өзгермелі жүргізу жағдайларына бейімделу қабілетінің арқасында сіз қарда, балшықта батып қалу, тік қияға шыға алмау немесе жоғары жылдамдықпен бұрылыстан өткенде тайып кетуден қорықпасаңыз болады.

Қандай көлік таңдасаңыз да, басқа ешбір жол талғамайтын көлікте RAV4 сияқты қуат, үнемділік пен таза жүргізу ләззатының айрықша теңгерімдігі жоқ екеніне сенімді бола аласыз.

CVT = сатысыз беріліс қорабы  
\* Аралас цикл.

**Жүргізу режимінің ауыстырып-қосқышы**

Eco режимі тиімділікті арттыруға көмектеседі, Sport режимі жаныңды шүберекке түйетіндей сезім береді, ал Normal режимі күнделікті сапар үшін өте қолайлы.

Люкс жинақтамасы көрсетілген.

# TOYOTA SAFETY SENSE+ (TSS+). СІЗБЕН ҚАУІПСІЗ САЯХАТҚА

**МАКСИМАЛДЫ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН  
RAV4 TSS+ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ КЕШЕНІМЕН — СІЗДІҢ ЖҮРГІЗУ  
СЕРІКТЕСІҢІЗ РЕТІНДЕ ЖАБДЫҚТАЛҒАН.**

TSS+ кешені дегеніміз — жүргізушіге автокөлік жүргізуге көмектесуге және тас жолда да, қала көшелерінде де, тұрақтарда да қауіпсіз қозғалуға арналған жүйелер жиынтығы. TSS+ кешені бар автокөлікте сіз әрдайым қауіпсіздікте боласыз.

Оның басты ерекшеліктерінің бірі – соқтығысуды болдырмау жүйесі, ол басқа көліктермен, жаяу жүргіншілермен және велосипедшілермен соқтығысу қаупін қадағалап, жазатайым оқиғалардың алдын алуға көмектеседі. Жүйе дыбыстық және визуалдық ескертулер береді және қажет болған жағдайда тежегішті іске қосады. Жүргізуші дер кезінде тежей алмаса, соқтығысудың алдын алу немесе қауіпті азайту үшін тежегіштер автоматты түрде басылады. Қиылыстардағы соқтығысудың алдын алатын жаңа жүйе және бағытты дереу түзету жүйесі қиылыстардан өту және кедергілерді күрт айналып өту кезінде күндізгі қозғалыс қауіпсіздігін арттырады.

## ҚАУІПСІЗ ЖҮРГІЗУ, ҚАУІПСІЗ ТҰРАҚ

**КӨЛІК ЖҮРГІЗУ МЕН ТҰРАҚҚА ҚОЮДЫ ЫҢҒАЙЛЫ ЖӘНЕ  
ҚАУІПСІЗ ЕТЕДІ.**

*Toyota жол-көлік оқиғаларын өткеннің еншісіне қалдыруға тырысады. Осы тәсілге негізделген RAV4 жүргізушіге көмек көрсететін инновациялық жүйелерін ұсынады. Панорамалық шолу жүйесі төрт камерадан кескіндерді біріктіріп, 360° көріністі қамтамасыз етеді — тар жағдайда маневр жасасаңыз да, көз алдыңыздағының бәрі көрініп тұрады. Кездейсоқ бірдеңені өткізіп алсаңыз, соқыр аймақтарды анықтау жүйесі және артқы орындықтардағы жолаушыларға хабарлау мүмкіндігі басып озу және автокөліктен шығар алдында қажетті ескертулерді береді.*

# ТАР ЕМЕСІ ДЕ БОЛАДЫ, КЕҢІ ДЕ БОЛАДЫ

## ӘСЕРЛІ САПАЛЫ ӘРЛЕМЕСІ БАР КЕҢ САЛОН.

RAV4 ішінде ойластырылған интерьер дизайны бар. RAV4 салонында кең орталық консоль және жаңа заманауи аспаптар тақтасы бар, сонымен қатар әр жолаушыға жеткілікті орын бар. Сіз биік отыру арқылы қол жеткізілген тамаша көріністі лайқыты түрде бағалайсыз, ол жолдың керемет көрінісін ашады.

Мінсіз стиль мобильді құрылғыларды сымсыз зарядтау сияқты инновациялық технологиялармен үйлеседі. Смартфонмен толық жұптастыру арқылы сіз өзіңіздің сүйікті қолданбаларыңызды Apple CarPlay және Android Auto™ интерфейстері арқылы пайдалана аласыз. Кең әрі жақсы жоспарланған жүксалғыш бөлімінде табалдырықсыз және бұдырсыз толығымен тегіс еден бар, бұл көлемі үлкен жүктерді тиеу мен түсіруді жеңілдетеді. Ал артқы орындықтар тегіс болып бүктелетіндіктен, қажет болған жағдайда жүксалғыш бөлімін одан әрі кеңейтуге болады.

Apple CarPlay — Apple Inc. компаниясының сауда белгісі.



Люкс жинақтамасы көрсетілген.  
Кең салонның жалпақ артқы орындығының алдында одан да көп бос орын бар — жолаушылар аяқтарын созып отыратындай бірталай орын бар.





Люкс жинақтамасы көрсетілген.

## ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ АРҚАСЫНДА АЛДА БОЛЫҢЫЗ

**ИНТУИТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯ КӨЛІК ЖҮРГІЗУДЕН ЛӘЗЗАТ  
СЫЙЛАЙДЫ.**

Toyota RAV4 қосылуға және ыңғайлылықты арттыруға мүмкіндік беретін жаңа мультимедиа жүйесімен жабдықталған. Орталық консольдегі жаңа 10,5 дюймдік сенсорлық дисплей саладағы жаңа стандарттарды белгілейді. Apple CarPlay сымсыз интерфейсі кез келген жаңа смартфондарды автокөлікке оңай қосуға мүмкіндік береді.

Қолыңызды рульден алмай — телефонды, навигаторды, аудио жүйені және автокөліктің басқа да жабдықтары мен құрылғыларын, мысалы, кондиционер мен орындықтарды 100-ден астам тәсілмен басқарыңыз.

# СТАНДАРТТЫ ЖАБДЫҚ



## Стандартты жабдық

- Фарларды жуғыш
- Электр жетегі бар, электр жиналмалы, қыздырғыш және қайталағышы бар артқы көріністің бүйірлік айналары
- Шыны тазалағыш саптамаларды электрмен жылыту
- Алдыңғы және артқы тұрақ датчиктері
- Автоматты түрде күңгірттенетін артқы көрініс салонының айнасы
- Жылытылатын көп функциялы былғары рөл дөңгелегі
- 2 аймақтық климатты бақылау
- Smart Entry көлігіне кірудің және Push start қозғалтқышын іске қосудың ақылды жүйесі
- Сымсыз Apple CarPlay® және сымды Android Auto® қолдауы
- Сандық бақылау тақтасы 12.3"
- 7 қауіпсіздік жастығы: 2 фронталды, 2 алдыңғы бүйірлік, 2 бүйірлік перделер, жүргізушіге арналған 1 тізелік
- ECO/NORMAL/SPORT, OFF-ROAD: MUD&SAND/ROCKS&DIRT/SNOW қозғалыс режимін таңдау
- MM21 мультимедиялық жүйесі, 10.5" дисплей



**Престиж (стандартты жабдыққа қосымша)**

- Жеңіл балқитын дискілер, шиналар 225/60R18
- Жарықдиодты алыс және жақын жарық шамдары
- Жүк салғыштың электр жетегі
- Мата орындықтарды қаптамасы
- Динамикалық белгілеу сызықтары бар артқы көрініс камерасы

**Престиж+**

- Toyota Safety Sense+



Показана комплектация Престиж.

# ПАЙДАЛЫСЫ ДА БОЛАДЫ, ТАПТЫРМАЙТЫНЫ ДА БОЛАДЫ

**ПРЕСТИЖ**

Бұл жинақтамада пішін мен функционалдылықтың тамаша теңдестірілген үйлесімі ұсынылады. Бұл басқалардың арасында ерекшеленетін айқын стиль сияқты қажеттінің бәрі бар заманауи жол талғамайтын көлік.



# ТАЛҒАМПАЗДЫҚ ТА БОЛАДЫ, ЕРЕКШЕЛІК ТЕ БОЛАДЫ

ЛЮКС

Бұл керемет жинақтама RAV4 талғампаздығын жаңа биіктерге көтереді және ең жақсысын ғана қалайтындар үшін өте қолайлы. Ерекше RAV4-те бәрі керемет — іші де, сырты да.



ЛЮКС

## Люкс (Престиж-ге қосымша)

- Жеңіл балқитын дискілер, шиналар 235/55R19
  - Жарықдиодты алыс және жақын жарық шамдары (прожектор түріндегі)
  - Жүк салғыштың электр жетегі Kick type
  - Былғары орындықтарды қаптамасы
  - Алдыңғы орындықтарды электрореттеу
  - Бел тірегін электрореттеу және жүргізуші орындығының параметрлерін сақтау
  - Артқы орындықтарды жылыту
  - Сымсыз қуаттағыш құрал
  - Көрінбейтін аймақты бақылау жүйесі (BSM)
  - Көрнекі және дыбыстық ескерту (RCTA) функциясы бар автотұрақтан кері шығу кезінде көмек көрсету жүйесі
  - Динамикалық белгілеу сызықтары бар артқы көрініс камерасы
- Люкс+**
- Бүкіл беткі әйнекті электрмен жылыту
  - Навигациялық жүйе
  - Динамикалық белгілеу сызықтары бар артқы көрініс камерасы және панорамалық көрініс
  - Toyota Safety Sense+

Люкс жинақтамасы көрсетілген

ШАНАҚ ТҮСТІ

# ӘДЕМІ, ТАРТЫМДЫ

RAV4 үшін шанақ түстерінің кең таңдауы бар — таза Ақ түстен (040) харизмалық Қою көк металл-ке (8X8) дейін.



Ақ түсті (040)



Ақ түсті маржан премиум (089)



Күміс металл (1D6)



Қою сұр металл (1G3)



Қара металл (218)



Қызыл түсті премиум (3Т3)




Хаки (6X3)



Қою көк металл (8X8)

# САПА ДА БОЛАДЫ, МІНСІЗДІК ТЕ БОЛАДЫ

Қайсысын таңдасаңыз да, жайлылық пен стильге кепілдік беріледі.



Люкс жинақтамасы көрсетілген.

ОРЫНДЫҚТАР ҚАПТАУЫШЫ



Қара түсті мата (FA20)  
Престиж



Қара түсті былғары (LA20)  
Люкс

# СТИЛЬ ДЕ БОЛАДЫ, ТАМСАНУ ДА БОЛАДЫ

Таңдауға 17-ден 19 дюймге дейінгі жеңілқорытпалы дөңгелектердің керемет желісі ұсынылады — олардың барлығы сіздің RAV4 көрінісін тамаша толықтырады.



Люкс жинақтамасы көрсетілген.



Жеңіл балқитын дискілер 225/60R18  
Престиж



Жеңіл балқитын дискілер 235/55R19  
Люкс

## ДИСКІЛЕРДІҢ ҚОСЫМША ТҮРЛЕРІ



Жеңіл балқитын дискілер 17"



Жеңіл балқитын дискілер 18"



Жеңіл балқитын дискілер 18"



Жеңіл балқитын дискілер 18"



Жеңіл балқитын дискілер 18"



Жеңіл балқитын дискілер 19"

# ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР		БЕНЗИН ҚОЗҒАЛТҚЫШЫ
		<b>2.0 CVT AWD</b>
<b>Отын шығыны</b>		
Аралас циклде (л/100 км)	6.7	
Төмен жылдамдықта (л/100 км)	5.8	
Орташа жылдамдықта (л/100 км)	8.2	
Ұсынылатын отын	91 немесе одан жоғары (октан саны)	
Жанармай бағының сыйымдылығы, л	55	
<b>Пайдаланылған газдардағы CO<sub>2</sub> құрамы</b>		
Аралас циклде (г/км)	153	
Төмен жылдамдықта (г/км)	133	
Орташа жылдамдықта (г/км)	186	

ҚОЗҒАЛТҚЫШ		БЕНЗИН ҚОЗҒАЛТҚЫШЫ
		<b>2.0 CVT AWD</b>
<b>Қозғалтқыштың код белгілері</b>		
Цилиндрлер саны	4, қатарлы	
Клапан механизмі	16 клапан DOHC, VVT-iE (ауа кіргізу), VVT-i (ауа шығару)	
<b>Отын жүйесі</b>		
Жұмыс көлемі (см <sup>3</sup> )	1987	
Цилиндрдің диаметрі x поршень жүрісі, мм	80.50 x 97.62	
Қысу дәрежесі	13.0:1	
Ең жоғары қуаты (кВ/а.к.)	127/173 (6600 айн./мин.)	
Макс. айналу сәті (Н·м/айн/мин)	203/4400-4900	

ДИНАМИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ		БЕНЗИН ҚОЗҒАЛТҚЫШЫ
		<b>2.0 CVT AWD</b>
Макс.жылдамдық (км/сағ)	190	
0-100 км/сағ (с) дейін үдеу	10.7 / 11.0*	

CVT = Сатысыз беріліс қорабы

\* Жинақтамаға және/немесе толық жетектің болуына байланысты.

АВТОКӨЛІКТІҢ ЖӘНЕ СҮЙРЕТІЛЕТІН ТІРКЕМЕНІҢ САЛМАҒЫ	
Автокөліктің толық жалпы салмағы (кг)	2155
Жүктелген салмақ (кг)	1575-1665
Тежегіштері бар сүйретілетін тіркеменің салмағы (кг)	1500
Тежегіштері жоқ сүйретілетін тіркеменің салмағы (кг)	750

АСПА	
Алдында	MacPherson тіректері
Артқы	Жағында көлденең иінтіректердегі екі иінтіректі аспа

САЛОННЫҢ ӨЛШЕМДЕРІ ЖӘНЕ ЖҮКСАЛҒЫШ БӨЛІМІНІҢ КӨЛЕМІ	
Салонның ені (мм)	1515
Салонның биіктігі (мм)	1210/1230*
Артқы орындықтар көтеріліп тұрған кездегі жүксалғыштың жалпы ұзындығы (мм)	1014
Жүксалғыштың жалпы ені (мм)	1499
Жүксалғыштың жалпы биіктігі (мм)	931
Жүксалғыштың көлемі (м <sup>3</sup> )	0.733
Жүксалғыштың көлемі (VDA стандарты), артқы орындықтар көтеріліп тұрған кездегі жүксалғыштың сөресіне дейін (л)	580


РУЛЬ	
Бұрылу радиусы (дөңгелектер бойынша) (м)	5.5-5.7
Бұрылу радиусы (шанақ бойынша) (м)	5.9-6.1

ЖОЛ ТАЛҒАМАЙТЫН СИПАТТАМАЛАРЫ	
Қозғалыс кезіндегі минималды клиренсі (мм)	190/195*
Түсу бұрышы	20
Еңсерілетін көтерілу бұрышы	18
Көлденең тұрақтылық бұрышы	52
Бойлық өту бұрышы	15.5 / 16.0*
Еңсерілетін өткелдің тереңдігі (мм)	500

\* Жинақтамаға және/немесе толық жетектің болуына байланысты.

ТЕЖЕУ ЖҮЙЕСІ	
Алдында	Желдетілетін дискілер, 2 цилиндр
Артқында	Желдетілетін дискілер, 1 цилиндр

ГАБАРИТТІК ӨЛШЕМДЕР	
Шанақ ұзындығы (мм)	4600
Шанақ ені (мм)	1855
Шанақ биіктігі (мм)	1685
Алдыңғы жолтабан (мм)	1600-1610
Артқы жолтабан (мм)	1630-1640
Алдыңғы аспа (мм)	910
Артқы аспа (мм)	1000
Дөңгелек базасы (мм)	2690



Отын шығыны мен CO<sub>2</sub> шығарындыларының мәндері WLTP EC 2017/1151 жаңа еуропалық регламентінің және оған қолданылатын түзетулердің талаптарына сәйкес қайталап таныстыратын сериялық модельдің бақыланатын жағдайларында өлшенді. Автокөліктің әрбір жеке конфигурациясы үшін отынның соңғы шығыны мен CO<sub>2</sub> шығарындыларының мәндері орнатылған қосымша жабдықты ескере отырып есептелуі мүмкін. Сіздің автокөлігіңіздің отын шығыны мен CO<sub>2</sub> шығарындыларының көрсеткіштері өлшенген немесе есептелген мәндерден өзгеше болуы мүмкін, өйткені олар жүргізу стиліне, сондай-ақ басқа факторларға (мысалы, жол жағдайлары, трафик, көлік құралының жағдайы, шинаның қысымы, жүктеме, жолаушылар саны және т.б.) байланысты. Жаңа WLTP (Жеңіл автокөліктерінің жанармай және қоршаған орта көрсеткіштеріне арналған дүниежүзілік үйлестірілген сынақ процедурасы) сынақ әдісі туралы қосымша ақпарат алу үшін мына сайтқа кіріңіз: <https://www.toyota-europe.com/world-of-toyota/feel/environment/worldwide-harmonized-light>



ЕГЕР ТАҢДАЙТЫН БОЛСАҢЫЗ

# RAV4 ТАҢДАҢЫЗ

*Люкс жинақтамасы көрсетілген.*





RAV4

ТОЛЫҚҚАНДЫ ЖОЛ ТАЛҒАМАЙТЫН КӨЛІК ТЕҢДЕСІ ЖОҚ

[www.toyotakz.com](http://www.toyotakz.com)

Осы брошюрада ұсынылған ақпарат жарияланған кезде жарамды. Брошюрада көрсетілген жабдықтың сипаттамалары мен нұсқалары жергілікті жағдайлар мен талаптарға байланысты, сондықтан белгілі бір аймақтағы модельдерден өзгеше болуы мүмкін. Жабдықтың нақты сипаттамалары мен нұсқалары туралы ақпаратты жергілікті дилерден алуға болады. • Шанақ түстерінің нұсқалары брошюрадағы фотосуреттерден сәл өзгеше болуы мүмкін. • «Toyota Motor Europe» компаниясы алдын ала ескертпестен техникалық сипаттамалар мен жабдыққа өзгерістер енгізу құқығын сақтап қалады. • © 2022 Toyota Motor Europe NV/SA (TME). • Осы брошюрадағы кез келген ақпарат «Toyota Motor Europe» компаниясының алдын ала жазбаша келісімімен ғана шығарылуы мүмкін.